

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2316 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 127 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 тамыздағы N 285 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 9 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2479. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында , Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 127 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2316 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2003 жылғы 19 мамыр-1 маусымда N 11 жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

10-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "тиіс" деген сөзден кейін "және Қордың зейнетақы мен меншікті активтер есебінен банктің дауыс беруші акцияларына инвестициялары осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он процентінен аз болмаған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"10-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, Қор осы бұзушылықты өз активтерінің есебінен жояды."

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары осы қаулы күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде екінші деңгейдегі банктердегі зейнетақы және меншік активтері

есебінен сатып алынған салымдарға инвестициялардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 127 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциялдық нормативтер туралы ереженің 10-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацындағы талаптарға сәйкес келтірсін.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы